

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҮҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 8 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26.04. 2024 жыл

Қатысқандар: АҚ төрайымы:

1. Батырбекова А.Ж. - Физика кафедрасы, аға оқытушы

АҚ мүшелері:

- | | |
|--|--|
| 2. Сарбаева Г.Т. | - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 3. Жылысбаева Г.Н. | - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 4. Берді Д.К. | - Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 5. Сарбаева М.Т. | - Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. Беласарова Ш.М. | - Экология химия кафедрасы, аға оқытушы |
| 7. Раманкулов Ш.Ж. | - Физика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 8. Шектибаев Н.А. | - Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 9. Усембаева И.Б. | - Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 10. Омарова И.М. | - Математика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 11. Муратбекова М. | - Математика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 12. Тойжигитова Б.Б. | - Биология кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 13. Сейтметова А.М. | - Биология кафедрасы, б.ғ.к., доцент м.а. |
| 14. Умиров Б.З. | - Биология кафедрасы, магистр оқытушы |
| 15. Алтынбек Д.Н. | - Математика кафедрасы, оқытушы |
| 16. Кошанова Г.Д. | - Математика кафедрасы, пед.ғ.к., аға оқытушы |
| 17. Аймешов Ж.А. | - Математика кафедрасы, оқытушы |
| 18. Ниязова Г.Ж. | - Математика кафедрасы, п.ғ.к., доцент |
| 19. Байтенов А.К. | Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 20. Ускенова Р.А. | Түркістан кәсіби- педагогикалық колледжінің директорының міндетін атқарушы |
| 21. Орманова Г.К. | - ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф. меңгеруші, п.ғ.к. |
| 22. Қанаева Ж. | 7M01506 - Физика ББ магистранты |
| 23. Алимова Шахноза Марибқызы | 7M01507-Биология ББ магистранты 2 курс |
| 24. Балтабай Ақжүніс | 6B01513-Биология ББ студенті 4 курс |
| 25. Хабибуллаев Алимжан Гайратұлы | 6B01509-Математика ББ студенті 2-курс |
| 26. Зұлғар Лаура Музафарқызы | 7M01547-Математика ББ студенті 1-курс |
| 27. Толентаева Ғалия | 8D01502-Математика ББ докторанты 3-курс |
| 28. Жәдігер Сымбат | 6B01573 – Информатика, АКТ және робототехника ББ студенті 3-курс |
| 29. Абдулатинов Абдувосит Жумадуллаұлы | 7M01557-Информатика ББ магистранты 1 курс |
| 30. Егенбердиев Дилмурад Юлдашбайұлы | 8D01516-Информатика ББ докторанты 2 курс |
| 31. Оралбай Нұрай | 6B01512-Химия ББ студенті |

Қатыспағандар: -

Күн тәртібі:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

АК төрайымы А.Ж. Батырбекова: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау, сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салсаңыздар.

АК мүшесі Сарбаева М.Т.: Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау мен ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтауға байланысты Білім беру бағдарламаларын әзірлеумен университет Ректоры бұйрығымен кадрлар даярлау бағыттары бойынша құрылатын Академиялық комитеттер (АК) айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді.

ББ әзірлеу 4 (төрт) кезеңнен тұрады:

- 1) ББ әзірлеуге дайындық;
- 2) ББ жобалау;
- 3) ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу;
- 4) ББ әзірлеу сапасын бағалау

ББ әзірлеуге дайындық кезеңінде университетте әзірленетін ББ тізбесі айқындалады.

Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АК жетекшілігімен:

1) нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады: а) қазір және болашақта қандай мамандар қажет; б) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (талшылық немесе профицит).

2) кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі: а) өңірде/жақын өңірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма; б) бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары.

3) ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі: а) қажетті кадрлық ресурстардың болуы; б) қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы.

ББ жобалаудағы келесі қадам - оны жүзеге асыру үшін ресурстарға қажеттілікті анықтау. ББ-ға қойылатын талаптар білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалады. ББ-сын толық жүзеге асыру үшін келесі ресурстардың қандай және қанша қажет екенін анықтау қажет:

1) кадрлық ресурстар. ББ іске асыруды тиісті және ресми құжаттармен расталған білімі бар ғылыми педагог кадрлар қамтамасыз етеді. Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптар ББ ерекшелігімен, салалық шеңбермен және кәсіби стандартпен айқындалады.

АК мүшесі Тойжигитова Б.Б.: Үшінші мәселе Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша бойынша БББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс арнайы прайс беттер арқылы орталық кітапханаға ұсыныстар беру арқылы дайындалды. Сонымен қатар оқытушылардың кітаптарын баспадан шығару арқылы да толықтырылды. Әр кафедра бойынша 1 қосымша әзірленіп, тапсырылды.

АК төрайымы А.Ж. Батырбекова: Құрметті АК мүшелері ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талданды, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктіліктер тізімі анықталды, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін


оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындалды, сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесіне талдау жүргізілді.

Жалпы сәуір айында жоспарға сай жұмыстар АҚ мүшелерімен қарастырылды.

Шешім:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау нәтижелері есепке алынсын.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімі ережеге сай анықталсын.
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау жүзеге асырылсын.
5. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрайымы:



А.Ж. Батырбекова

Хатшысы:



Д.К. Берді